

Нұр-Мұбарақ Египет ислам мәдениеті университеті жанындағы  
Диссертациялық қеңеске ұсынылған «6D020600 – Дінтану» мамандығы  
бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған  
Манабаев Бағдат Маханұлының «**Орталық Азия мұсылман құқығы**  
**тариҳындағы Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің (535/1141 қ.б.ж.)**  
**орны мен маңыздылығы**» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу  
жұмысына ресми рецензенттің

## ПІКІРІ

### **1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның басқа ғылым салаларымен байланысы.**

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің дінгегін де, ұлттың өзіндік санасының өзегін де құрайтын ислам дінінің дүниетанымдық мәселелері отандық дінтану мен ғылыми әдіснамадағы басы ашылмаған «актаңдақтардың» бірі болып табылады. Күні кешеге дейін әлеуметтік болмысты талдаудың жалғыз лайықты тәсілдері деп есептеліп келген әмбебап еуроорталықтық әдістер, оның ішінде монистик тәсілдің шеңберінде екі тұжырымдама – маркстік формациялық тұжырымдаға қоса, постиндустриалдық қоғам теориясы «әдіснамалық нәсілшілдіктің» салдарынан ислам өркениетінің өзіндік ерекшеліктерін назардан тыс қалдырды. Тек соңғы XX ғасыр бойы европалық рационалистік дүниетанымның тығырыққа келуі барысында, сондай-ақ шығыс халықтарының «мәдени империализммен» күресі барысындаға ғана «эндогендік дамудың» өркениеттік түбірлері зерттеу жұмыстарының тақырыптарына айналды. Осыған сай, ғылым мен философияда үстемдік етіп отырган әмбебап екі әдіснаманың – дәурені етіп бара жатқан формациялық парадигма мен жалпы ортақ теориясы болмаса да, белгілі бір қоғам мәдениетінің барлық формалары мен руханилығының негізін құрайтын субстанциясы өркениет түрінде мойындалған өркениеттік парадигма аясында ислам діні ілімінің ерекшеліктерін қайта қарастырудың маңызы зор.

Сондықтан діни дүниетанымның Қазақстан мәдениетіне, әсіресе қазақ халқының дәстүріне сай қалыптасуы үшін төзімділігімен ерекшеленетін және өзге діни сенімдермен сұхбатқа ұмтылатын ханафи мазhabының негізгі қағидаларын ғылыми зерделеу қазіргі қоғам үшін маңызды. Қазақи дәстүрге тән исламның рухани бастауын ғылыми тұрғыдан қарастыру қарапайым діни сана деңгейіне ықпал етіп, діни идеологияның радикалды элементтерімен қатар, фанатизм және экстремизмнің қатеріне қарсы тұруға ықпал етеді. Қоғамдағы діни мәселенің осындай өзектілігі ғылымдағы сұранысты туғызды. Қоғам мен заман тудырған талаптарға сай елімізде дінтану ғылымы қалыптасып келеді.

Бұл тұрғыдан алғанда, ізденуші Манабаев Бағдат Маханұлының таңдаған тақырыбы мен ұсынып отырган зерттеу жұмысы өзектілігін байқатады, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының сұранысын, отандық

жалпығылыми сұраныстарды қанағаттандырып, жалпымемлекеттік бағдарламалармен үндестігімен ерекшеленеді.

Диссиденттың ғылыми ізденісі Орталық Азия мұсылман құқығы тарихындағы Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің (535/1141 қ.б.ж.) орны мен маңыздылығына арналған. Жалпы ортағасырларда қазақ топырағынан шыққан ғұламалардың өмірі мен шығармашылығын, қолжазбалары мен оның деректерін зерттеген ғалымдар саусақпен санарлық. Ал Мысыр жерінде ханафилікті насиҳаттаған Имам Тахаудің еңбегіне «шарх» жазған сайрамдық Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің құқықтанушылық қызметіне арналған бұл диссертация алғашқы ғылыми зерттеулердің бірі болып табылады және сондықтан басқа ғылым салаларымен байланыса отырып, отандық дінтану ғылымына өзіндік үлесін қосады.

## **2. Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми қағидалар.**

Докторлық диссертациядағы қорғауға ұсынылған қағидаларда Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің фықы саласында жазған «Шарх Мұқтасар ат-Тахауи» деп аталатын еңбегін бұрын-сонды ғылыми айналымға ене қоймаған жаңа дерек ретінде анықтала отырып, орталықазиялық мұсылман құқығы тарихындағы орны мен маңызының жоғары екендігі айттылады. Бұл еңбек ортағасырлық қарахан әулеті үстемдік еткен дәуірдің саяси тарихын сипаттайтын дерек-көз ретінде ғана емес, ханафилік мектеп пен дәстүрді орнықтырудың оның діни және құқықтық маңыздылығы атап көрсетіледі. Аталмыш қолжазбаның арнайы діни оқу орындарында оқитын шәкірттердің шарифи ілімдерді игеруі үшін де мәні зор екендігі түйінделеді. Исбиджаб қаласынан шыққан мемлекет және дін қайраткері Али ибн Мұхаммадтың қолжазба күйінде сақталған басқа да шығармаларын зерделеп, бір жүйеге келтіру дінтану және исламтану ғылымдарының келелі міндеттерінің бірінен саналады. Қорғауға ұсынылған қағидалар осындағы ғылыми жаңашылдығымен сипатталады, дегенмен бұл тезистерді тереңірек тарқатып айтуға да болады.

## **3. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Бұл жұмыста осы ортағасырлық ойшылдың фықы мәселелеріне қатысты көзқарастары алғаш рет қарастырылғандықтан (тек 2012 жылы Ирак Республикасының докторанты Сайд әл-Кубайси өз зерттеуінің бір бөлігінде «Шарх Мұқтасар ат-Тахауді» талдаған), ол өзіндік ғылыми жаңалықтарымен ерекшеленеді. Докторлық диссертацияда ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес бірқатар теориялық нәтижелерге қол жеткізілген.

*1-ші ғылыми нәтижесе.* Диссиденттің негізгі мәселеге бірден кіріспес бұрын, қарахан дәуіріндегі түркілік ислам өркениетінің гүлденуімен сипатталатын мұсылман ренессансы кезеңінде Мәуреннар аймағындағы Исбиджаб пен Самарқан қалаларындағы діни ахуал мен ислам дінінің Түркістан өңіріне тарап алғышарттарына тоқталады. Көптеген мұхаддистер

мен факиһтар шыққан сол аймақтың ғұламалар ортасын, олардың арасындағы мұджтаһид деңгейіндегі үлем әл-Исбиджабидің өмірі мен діни қайраткерлігін дінтанулық түрғыдан талдайды.

*2-ші ғылыми нәтижесе.* Диссертацияда зерттеудің нысанына айналып отырған дерекөзбен қатар, басқа да табақат (тариhi-биографиялық) және тараджим (аударма) жанрындағы деректер, сондай-ақ Самарқан қаласының маңындағы «Чакар-Диза» мазарынан табылған жаңа құлпытас жазулары пайдаланылып, талданып, ғылыми айналысқа енгізілген. Осылайша тақырыптың тариhi-географиялық және дүниетанымдық-теориялық алғышарттары анықталады.

*3-ші ғылыми нәтижесе.* Зерттеу жұмысының ең басты әрі маңызды жаңалығы – Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің «Шарх Мұқтасар ат-Тахауи» еңбегі дінтанулық ғылым айналымына енуі. Қолжазбаның сақталған нұсқалары мен ондағы уақыф пен жеке мөрлеріне, т.б. мәліметтерге тариhi-филологиялық, палеографиялық және кодикологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оның таралу кеңістігі айқындалған.

*4-ші ғылыми нәтижесе.* Диссертацияның тағы бір маңызды жаңалығы да «Шарх Мұқтасар ат-Тахаудің» табылған және талдауға түскен он нұсқасының құрылымдық ерекшеліктері фықтық-құқықтанулық қырынан зерделенеді. Ізденуші жалпы Әбу Жафар ат-Тахаудің көне Мысыр жерінде ханафилікті насихаттауын түрік текті тұлындар әuletінің билік етуімен, сондай-ақ Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің «Шарх Мұқтасар ат-Тахауи» еңбегінің Медине уақыф мөрімен Хиджаз өнірінде сақталуын ханафи мәзhabын ұстанатын османлы әuletінің билік етуімен түсіндіреді.

*5-ші ғылыми нәтижесе.* Диссиденттант әл-Исбиджабидің сүйенген дереккөздерін саралай отырып, оның ханафилік классикалық жолды ұстанғаны негізделген. Және тағы бір маңызды ғылыми жаңашылдығы Ирак Республикасының докторантты Саид әл-Кубайси жүргізген зерттеуіне қатысты дәлелді сын-пікірлер айтылған.

*6-шы ғылыми нәтижесе.* Докторлық диссертацияның соңғы тарауында «Чакар-Диза» мәліметтерінің негізінде ханафилік бағытты ұстанған Қарахан мемлекетінің XI-XIII ғасырларда жүргізген діни саясаты, оның селжүктармен және карақытайлармен арақатынастары мен әл-Исбиджабидің билеуші әuletпен қарым-қатынасы және оның діни-мемлекеттік қайраткерлігі дінтанулық-тариhi қырынан тұжырымдалған.

Жалпы осы алынған ғылыми нәтижелер дінтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы ереже талаптарына сәйкес келеді.

#### **4. Әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңалық деңгейі.**

*1-ші ғылыми нәтижесе* – салыстырмалы түрде жаңа, себебі Мәуреннаһрдағы Арсубаникет, Атлах, Ахсикент, Барысхан, Берукет, Биладж, Бұқара, Джамукент, Жент, Джикил, Илақ, Итқан, Йасы, Кердер, Кеш, Марғилан, Нәсәф, Насрабаз, Нужикент, Ош, Өзкент, Саганиан, Самарқанд,

Сауран, Соғд, Сығанақ, Тараз, Фараб, Ферғана, Усбаникент, Усрушана, Шауғар, Шаш, Шауғар, Шелжі және т.б. діни мәдени орталықтар болғаны, олардан шыққан діни ғұламалар мен ойшылдар туралы мәліметтер ғылыми әдебиетте айтылады. Олардың қатарындағы танымал зерттеушілерді, атап айтқанда, Әбсаттар қажы Дербісөлі, Әшірбек Мұминов, Шәмшәддин Керім сындығалымдарды диссиденттың өзі де айтып өтеді.

*2-ши ғылыми нәтиже – жаңа, өйткені зерттеудің пәнін білдіретін тақырыпты зерттеуде ізденуші ғылыми қолданысқа түсे қоймаған дереккөздерге сүйеніп, дінтанулық және теологиялық талдаудың тың әдіснамалық негіздерін қоданады.*

*3-ши ғылыми нәтижесінің жаңалық деңгейі диссиденттың Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің «Шарх Мұқтасар ат-Тахауи» еңбегін мұсылман әлеміндегі орны мен маңыздылығын анықтаумен сипатталады.*

*4-ши ғылыми нәтиже – жаңа. Бұл нәтиже диссиденттың қол жеткізген қомақты теориялық жетістіктерінің бірі. Мұнда аталмыш қолжазбадағы шарифи мәселелер салыстырмалы-компаративистикалық қырынан талданады.*

*5-ши ғылыми нәтиже – жаңа, әл-Исбиджабидің «Шарх Мұқтасар ат-Тахауи» еңбегіндегі интерпретация мен комментарий тәсілдерінің ерекшеліктері нағымды түрде айқындалады.*

*6-ши ғылыми нәтиже – салыстырмалы түрде жаңа, себебі орталық Азиядағы Қарахан әулетінің үстемдік еткен үш кезеңі туралы тарихи әдебиеттерде мейлінше терең талданған.*

## **5. Ұсынымдар және практикалық құндылығы негізdemесінің дәрежесі, олардың жаңалығы**

Зерттеу жұмысы барысында алынған нәтижелер мен ұсынылған қағидалар түркі ислам әлемінің рухани мұрасын игере отырып, елімізде діни, мәдени бірегейлікті қалыптастырудың ғылыми алғышарттарын орнықтыруға өзіндік үлесін қосады. Диссертациялық жұмыстың практикалық құндылығы – оның нәтижелерін жоғары оку орындарында оқытылатын философия және дінтану пәндерінде, мәдениеттану, түркітану және ислам философиясы тарихына қатысты арнаулы курстарда қолдануға болады.

## **6. Докторанттың диссертациялық жұмысына ұсыныстар мен ескертүлер.**

Докторлық диссертацияның осы аталған жетістіктері мен ғылыми жаңашылдығы мен құндылығымен қатар, оның мазмұны мен рәсімделуінде кейбір орын алған олқылықтардың бар екендігін атап өтеміз:

1) зерттеу жұмысының барысында алынған жаңалықтар мен теориялық нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылар тікелей мақсат-міндеттерден туындағандықтан анағұрлым нақты болуы тиіс, диссертацияның мазмұнында жаңалықтар баршылық болғанымен, оларды тереңірек әрі кеңірек жүйелеуге болар еді;

2) диссертацияда «табақат», «тараджим», «форзац», «нахзац» тәрізді спецификалық терминдердің ұғымын аштын анықтамалар беріп кеткен артық болмас еді;

3) мәтінде техникалық қателер кездеседі, мысалы, кіріспе бөлімінде ККСОН терминін қазақша беруге болады, 15-бетте ибн Рузбихан есімі Нузбихан деп жазылып кеткен және т.б.

Дегенмен, бұл аталған олқылықтар мен кемшіліктер қорғауға ұсынылып отырған жұмыстың зерттелу деңгейіне, ғылыми маңыздылығы мен құндылығына нұқсан келтірмейді.

Тұастай алғанда, «Орталық Азия мұсылман құқығы тарихындағы Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің (535/1141 қ.б.ж.) орны мен маңыздылығы» деп аталатын бұл диссертациялық жұмыс өзекті мәселеге арналған, тиісті нәтижелері, қорытындылары мен тұжырымдары бар толыққанды ғылыми еңбек болып табылады. Ол ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына сәйкес келеді, ал оның авторы Манабаев Бағдат Маханұлы «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

ҚР БФМ ФК Философия, саясаттану және

дінтану институты Дінтану бөлімінің менгерушісі,  
философия ғылымдарының докторы, профессор

 Б. Сатершинов

